

**«6D060700 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Тастамбек Қуаныш Талғатұлының «Қоңыр көмірлер негізінде энерготиімді отын аудың микробиологиялық аспекттілері»
такырыбындағы диссертациялық жұмысына реєсми рецензенттің**

СЫН-ПКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі);</u></p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Сәйкес келеді</p> <p>1) Диссертациялық жұмыс AP05133758 «Ленгер көмір кен орнының қоңыр көмір мен сурфактант-синтездеуші микроорганизмдер негізде отынды энергиялық тиімді экологиялық таза, тұтінсіз биобрикетtelген отынды алу биотехнологиясын жасау» және AP05134797 «Тотықкан қоңыр көмір және зоомикробтық қауымдастық негізінде белсенділігі жоғары «биогумус-плюс» препаратын алу биотехнологиясын құрастыру» жобаларының аясында орындалды.</p> <p>3) 1. Энергетика және машина жасау.</p> <p>1.2 Баламалы энергетика және технологиялар: жаңартылатын энергия көздері, ядролық және сутегі энергетикасы, басқа да энергия көздері.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /коспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаган.	<p>Биобрикетті жасау үшін теориялық және әдіснамалық негіз құрылған. Алынған нәтижелер биология, химия, инженерения, энергетика ғылымдарына елеулі үлесін косады.</p> <p>Қазақстан Республикасы көмір қазба байлықтары бойынша әлемдегі ең үлкен ондыққа кіреді. Қазақстандағы жалпы көмір қорының 62%-ын (24 млрд. т аса) қоңыр көмір құрайды. Қоңыр көмірдің құрамында көміртегі шамамен 60%, сутегі 6%, оттегі 17-34%, ұшқыш заттар мөлшері 50% болады және жану жылуы төмен (26 мДЖ/кг), ылғалдылығы жоғары (40% дейін) болуымен ерекшеленеді. Сонымен катар механикалық берік емес, ауада ылғалдылығын жылдам жоғалтады және тез ұсақталып, сыйып бөлшектерге айналады. Сондықтан, оларды энергетикалық мақсатта қолдану тиімділігі төмен болып табылады.</p>

			Қазіргі таңдағы энергетика саласының маңызды мәселелердің бірі сұрыпталған отынның тапшылығы болып табылады. Бұл көп жағдайда оттықтағы үгінді мен ұсақ заттарға бай қарапайым және байытылмаған көмірлердің қабатталып жануына әкеліп соғады, нәтижесінде пештердің жылулық коэффициентінің едәуір төмендеуіне, содан кейін отынның жылулық энергиясының босқа жоғалып кетуіне себеп болады. Сондықтан жетілдірілген сұрыпталған көмір отынның ресурстарын арттырудың заманауи және тиімді жолдарын жасау және олардың нәтижелерін жүзеге асыру үлкен гылыми-экономикалық маңызға ие. Гылыми-практикалық маңызы толық ашылған жұмыс.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Зерттеу жұмысының нәтижелері, әдеби деректерге шолу, жұмыстың мақсат-міндеттерін анықтау, тәжірибелік зерттеулерді жүргізу және алынған нәтижелерді статистикалық өндеу мен талдау автордың жеке қатысуымен орындалғаны корініп тұр. Оған дәлел ретінде, алынған патенттер мен мақалаларда да бірінші автор болуында. Жұмысты талқылау барысында да барлық сұрақтарға нақты, дәлелмен жауап беруіде диссертанттың жазу деңгейі мен білімін дәлелдеді. Диссертация академиялық стандарттарға сай жоғары деңгейде жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Жұмыстың өзектілігі отандық өнім ретінде ғана емес, барлық елдерге өзекті екені негізделген. Әртүрлі қажеттіліктерге байланысты энергетикалық қорларды өндіру үшін қоңыр көмірлерді биологиялық өндеу – оны тұракты қолданудың ең үдемелі бағыты болатынын көрсеткен.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) <u>айқындауды;</u> 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ауқымды алынған. Соның езінде жұмыстық мазмұны тақырыпты ашып, нақты ақпараттармен айқындауды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы мен оның тақырыбын толық ашу үшін қойылған мақсаты мен міндеттері нақты қойылған. Жұмыстың мақсаты бойынша Қазақстан көмір кен орындарындағы көмірлер мен микроорганизмдердің байланысының биологиялық негіздерін құру және тұтінсіз отын алууды зерттеу. Аталған мақсатқа

			жетудегі қойылған міндеттер логикалық кезекпен құрылған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) <u>тольк байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен құрылышының ретін, логикалық толық байланысқаның құрастырылған мазмұны мен алынған нәтижелерді талдауынан байқауга болады. Қолданылған әдістердің реттілігі мен бір-бірімен логикалық байланысының өзі құрылышының дұрыс байланысын көрсетеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Докторант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен сынни талдау жасаған. Диссертация жұмысының негізгі қағидалары және зерттеу нәтижелері төмендеғідей халықаралық ғылыми конференциялар мен симпозиумдарда баяндап және талқылаулардан өткен: «Заманауи биология және Қазақстан Республикасының биоалуантурлілікті сақтаудың өзекті мәселелері» Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция (Алматы, 24 қараша 2017 жыл); «Экологиялық генетика мен экспериментальды биологияның өзекті проблемалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 25 қаңтар 2018 жыл); 22-я Международная Пущинская школа-конференция молодых ученых «Биология – наука XXI века» (Пущино, Россия, 23 – 27 апреля 2018 г.); Международный симпозиум АСТАНА БИОТЕХ 2018, (Астана, 12-13 июня 2018 г.); Оңтүстік Қазақстан медицина академисының Хабаршысы (Шымкент қ. 2018 ж.); V Халықаралық Фараби оқулары, «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция (Алматы, 10-11 сәуір 2018 ж.); VI Халықаралық Фараби оқулары, «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция (Алматы, 9-11 сәуір 2019 ж.); Международная конференция «Современные проблемы химии и технологии органических веществ и материалов» (5-6 декабря 2019 г., г. Алматы); International Conference on Recycling and Waste Management (30th July 2019, Toronto, Canada). Жоғарыдағы конференциялар мен симпозиумдарда жұмыстың нәтижесі баяндап, талқылаудан өткені толық сынни талдаудан откендігінің бір дәлелі бола алады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жана;</u> 2) жартылай жана (25-75% жаңа болып	Алғаш рет Қазақстанның коныр көмірлерінің микробиологиялық алуантурлігі (метагеномды талдау) зерттелген. Зерттеу нәтижесінде коныр көмірден бактериялардың таза дақылдары бөлініп алынған. <i>Bacillus</i> sp., <i>Providencia</i> sp. бактерия штамдары

	<p>табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>идентификацияланып, филогенетикалық талдау жасалған. Бөлінген бактериялардың биосолюбилиздеу қасиеті зерттеліп, нәтижесінде <i>Bacillus</i> sp., <i>Providencia</i> sp., биосурфактанттарды жоғары дәрежеде бөлеңін анықталған.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде Ленгір және Ой-қарағай қоңыр көмірлері мен био-байланыстырығыш заттардан жоғары тиімді биобрикетtelген тутінсіз биобрикет алынған. Зерттеулер нәтижесінде жылудың тиімділігімен бағаланатын тұрмыстық пештердегі биобрикеттердің жануының отын-энергетикалық тиімділігі бастапқы көмірдің биобрикеттерімен салыстырылғанда жоғары екендігі (81,1% дейін) анықталған. Ұзак мерзімді сактауга және тасымалдауга жарамды биобайланыстырышты қолдана отырып, қоңыр көмірден биобрикет алушың негізгі технологиялық сыйбасы ұсынылған.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Жұмыстың толығымен жаңа болуын алынған патенттермен де растауга болады. Жұмысты орындау барысында 2 патент және 2 авторлық туынды алынған.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Ұзак уақыт сактауга және тасымалдауга жарамды, биобайланыстырушылар көмегімен қоңыр көмірден тутінсіз отын алушың негізгі технологиялық сыйбанұсқасы ұсынылған.</p>
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Таңданатын көмірдің молекулалық күрілімі, сонымен қатар оның жеке компоненттері әр түрлі спектрлік (ИК, УК, Раман) талдаулармен және микроскопиялық әдістермен сипатталған.</p> <p>Алғаш рет қоңыр көмір үлгілерінің микробтар қауымдастығының биоалуантурлілігі мен таксономиялық күрілімі <i>Ullumina</i> жоғары өнімді секвенирлеу деректерді талдау негізінде сипатталған. Нәтижелер негізінде <i>Proteobacteria</i>, <i>Tenericutes</i>, <i>Actinobacteria</i>,</p>	

		<p><i>Firmicutes</i>, <i>Bacteroidetes</i>, <i>Nitrospirae</i>, <i>Chloroflexi</i>, <i>Gemmatimonadetes</i>, <i>Acidobacteria</i> және <i>Fusobacteria</i> жататын бактериялардың 10 таксономиялық тобы талданған.</p> <p>Биосурфактанттардың өндірушілері <i>Bacillus</i> sp. RKB 7 және <i>Providencia</i> sp. RKB 10 органикалық субстратқа қатысты жоғары эмульгаторлық белсенділікке ие екені дәлелденген.</p> <p>Қоңыр көмірді өндіу кезінде гуминдік заттардың түзілуіне биосурфактанттардың айтарлықтай әсері анықталды. LC/MS (QqQ) және FTIR талдауларының нәтижелері ақызы тәрізді және май қышқылының заттары биосолюбилизацияны катализдейтін негізгі факторлар екенін көрсетті. UV-Vis коэффициенттері бастапқы және биотрансформацияланған қоңыр көмірлердің гуминді заттарының молекулалық массасы мен ароматтылық дәрежесінің айырмашылығын растиған.</p> <p>Қоңыр көмірді бактерия дақылдары және органикалық қалдықтармен биоөндіу көмір зарядының пластикалық қасиеттерін арттыратын полярлық топтардың интенсивтілігі жоғары гуминді заттардың пайда болуын арттыратыны көрсетілген. Осылайша, флуоресцентті ЕЕМ спектрлерінің мәндері биосолюбилизденген гуминді заттардың микробиологиялық (FI~1.9, BIX~1) табигатын ашты, ал НІХ индексі биокөмір өнімдерінің төмен ароматты қосылыстарын көрсеткен.</p> <p>Брикеттеудің химиялық және технологиялық параметрлерінің брикеттердің функционалдық қасиеттеріне әсері зерттелген.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде пештің тиімділігімен бағаланатын тұрмыстық пештердегі биобрикеттердің жануының отын-энергетикалық тиімділігі бастапқы көмір брикеттерімен салыстырғанда едәуір жоғары (81,1% дейін) екендігі анықталған.</p>	
7.	Корғауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p>	<p>Корғауға ұсынылған барлық қагидаттар толық дәлелденген. Олар:</p> <ol style="list-style-type: none"> Ленгір және Ой-қарағай кен орындарынан алынған қоңыр көмірлердің физико-химиялық, механикалық және техникалық қасиеттерінің нәтижелері; Қоңыр көмірлердегі микробтар қауымдастырының таксономды құрамын және санын анықтау, сондай-ақ физиологиялық және биохимиялық қасиеттерінің нәтижелері;

	<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	<p>3. Қоңыр көмірден биобрикет алуда бастапқы шикізат ретінде қолданылатын биоөндөлгөн көмір сусpenзиясының физико-химиялық қасиетінің нәтижелері;</p> <p>4. Биобрикеттеу маңсатында биоөндегіш дайындаудың технологиялық және конструктивтік параметрлерінің нәтижелері;</p> <p>5. Қоңыр көмірлерді биоөндеу арқылы алғынан отынды жасау үдерісінің технологиялық сыйбасы;</p> <p>6. Берік, суга төзімді, күлділігі аз, жанған кезде жагымсыз құрамды заттарды аз түзетін, жылу сыйымдығы жоғары биобрикетті алуға мүмкіндік беретін биологиялық байланыстыруышылар арқылы биобрикеттеудің қауіпсіз технологиясының нәтижелері.</p> <p>Травиалды емес. Ұсынылған кагидаттардың барлығының нәтижелері толығымен жаңа. Практикалық маңызы өте жоғары болғандықтан, қолдану деңгейі өте кең болып табылады. Диссертацияның негізінде жарияланған 30 ғылыми басылымдарда жұмыстар дәлелденген. Диссертацияның ішінде де сол макалаларға сілтеме жасалған. Жарияланымдар саны: 6 мақала ҚР БФБК тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарда, 3 мақала көмір бағытындағы ғылыми журналдарда, 3 мақала Scopus базасына кіретін және 13 тезис халықаралық конференциялар мен симпозиумдар жиынтығында, сонымен қатар 1 монография, 2 патент, 2 ғылыми туынды.</p>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	Жұмыста заманауи әдістер көп қолданылған. Олар тек биология саласында емес, химия мен физика, энергетика саласындағы әдістер кеңінен қолданылып, барлық кезеңі толық сипаттала отырып, негізделген.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	Биология, химия, инженерия, энергетика саласындағы әдістер гана қолданылып қоймай, компютерлік технологиялар қолданылып, халықаралық базалармен жұмыс жасаған. Алынған нәтижелерді интерпретациялауда тиімді қолданған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен

	<p>эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иля;</u> 2) жок 	<p>дәлелденген және расталған. Барлық зерттеулер 3-5 реттік қайталаныммен жасалған. Эр зерттеу мен теориялық қорытындыны әлемдік зерттеумен байланыстыра отырып дәлелдеген. Алынған бір нәтиженің өзі бірнеше әдіспен расталған.</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Қолданылған әдебиеттердің көбі салмақты Скопус базасына кіретін журналдар болып табылады. Алап айта кету керек, қолданылған әдебиеттердің басым көшпілігі жаңа әдебиеттер болып табылады.</p>	
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Әдебиеттер тізімі сапасы жағынан да, саны жағынан да әдеби шолуга жеткілікті болып табылады.</p>	
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иля;</u> 2) жок <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иля;</u> 2) жок <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Теориялық маңызы бар. Теориялық негізі бойынша зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғарғы оқу орындарында студенттер мен магистранттарға, докторанттарға арнайы және теориялық курсарда өтетін материал ретінде пайдалануға болады.</p> <p>Энергетика министрлігі мен көмір өндіру кен орындарында теорияны практика жүзінде қолдануға мүмкіндік береді. Элем бойынша көмір коры бойынша 9 орында болуымыздың өзі көмірді практикада қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Сол жұмыстардың бір бағыты ретінде көрсетілген диссертациялық жұмыс.</p> <p>Алынған штаммдар зертханада басқа да жобалар бойынша қолданылуда. Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында бөлініп алынған бактериялар коңыр көмірден биотынайтқыш және биокомпозит алу жұмыстары бойынша зертханада қолданылуда.</p> <p>Зерттеу жұмысы негізінде патент алынған. Биобрикетті жасау үшін теориялық және әдіснамалық негіз құрылған. Практикалық негізі бойынша энергия тиімділікті арттыру мақсатында коңыр көмірден жаңа әрі қатты биобрикет құрастырылған. Теориялық негізі бойынша зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғарғы оқу орындарында студенттер мен магистранттарға, докторанттарға</p>

			арнайы және теориялық курстарда өтетін материал ретінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жазу стилі академиялық стандарттарға сай. Қазақ тілінде жазылған диссертациялық жұмыс өте жоғары деңгейде жазылған. Барлық терминдерге нақты анықтама беріліп, талдау жұмыстарының өзі жүйелі келтірілгені көрініп тұр.

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

Ресми рецензент:

ҚР ДСМ «Микроорганизмдердің республикалық коллекциясы» РМК, б.ғ.к.

Сармурзина З.С.

